

САЯСИ ЖАҢҒЫРУ: ТАРИХИ САБАҚТАСТЫҚ МӘСЕЛЕСІ

Нұрбай Қ.Ж.

т.ғ.д.,

Қазақстан тарихы кафедрасының профессоры

С. Сейфуллин атындағы ҚАТЗУ

Астана қ.

«Жаңбырдан шығып, қарға ұрындық, ...басқаша айтқанда Түркістанда ақтардың орнын қызыл орыстар келіп басқанда», - деп қазақтың көрнекті саясаткері, қоғам қайраткері, ағартушы Мұстафа Шоқайұлы Түркістан өлкесінде кеңес үкіметі орнағаннан кейін айтқан еді [1, 59 б.]. Анығырақ айтсақ, Түркістан өлкесінің халқы патша үкіметінің езгісінен құтылғасын, қанқұйлылығы одан асып түсетін кеңес үкіметінің құрсауына түсті дегені еді.

Бұл сөздерді келтіріп отырған себебіміз, бүгінгі Қазақстанның саяси жүйесі баяғы кеңес үкіметінің саяси жүйесінің жалғасы іспетті, сыртқы бейнесі өзгергенімен ішкі құрылымы көп өзгере қойған жоқ. Бүгінгі билік жүйесінде, жалпы қоғамда кең таралған жемқорлық, сөз еркіндігінің шектелуі, мемлекеттік ұйымдар мен мекемелерде әміршіл-әкімшілік жүйенің кең қанат жаюы кеңес үкіметі кезеңінен бері жалғасып келеді.

Бұл «мұрадан» құтылу үшін мемлекеттің саяси жүйесін түбегейлі жаңғырту керек, әрбір Қазақстан азаматы, ең алдымен билік басында отырған әрбір лауазымды қызметкер жаңаруды өзінен бастауы керек, өзінің санасын жаңғырту арқылы елі мен жері, халқы үшін адал қызмет етуі тиіс. Тарихқа жүгінсек, мәселен «Тәңірінің рақымына бөленген түрік қағандары Тәңірдің бұйрығымен күндіз тыным таппай, түнде ұйықтамай, жерін ұлғайтып, ашты тойындырған, жалаңашты киіндірген, азды көп қылған, бәрін бейбіт етіп, ел-жұртын бақытты еткен» [2]. Қазақтың ұлы ақыны Мағжан Жұмабай

«Не көрсем де Алаш үшін көргенім

Маған атақ ұлтым үшін өлгенім

Мен өлсем де Алаш өлмес, көркейер

Істей берсін қолдарынан келгенін», - деп өз ұлтына адал қызмет ету керек екендігін өлең жолдарымен жырлаған еді [3, 315 б.].

Бүгінгі билікке сын айтылмайды, ал сын жоқ жерде жаңғыру болмайды, өйткені «сын түзелмей мін түзелмейді», және сын айтар деген көпті көрген қариялар мен зиялы қауымның үні естілмейді. Сондықтан да, ақиқатқа жүгіну, өткенге, тарихқа көз жүгіртіп дұрыс қорытынды шығару аса маңызды. Өйткені бүгінде өзектілігі жойылмаған рухани, саяси құндылықтар, күллі рухани байлығымыз төл тарихымызда жатыр.

Ендеше ұлттық мұратымызды айқындау үшін түрік-қазақ тарихына тереңінен үңіліп қарағанымыз абзал. Өйткені «... көшпелінің түсінігінде... - адамның - тарихы да мәңгілік...» [4, 96 б.]. Академик М. Қозыбайтегі айтып өткендей «тарихсыз - халық тұл... Себебі өткенді, кешегені білмей болашақты болжау мүмкін емес» [5, 203 б.]. Алаш қайраткері, ұлт көсемі Әлихан Бөкейхан «... тарих болса ел өсіп-өнеді. Тарих болмаса ел жоғалады...», - деген [2, 70-71 б.]. «Тарихи естелік уақытты кешеге, бүгінге және ертеңге бөледі, соның ішіндегі шынайысы - кешегісі», - деп әйгілі түріктанушы-ғалым Л. Гумилев жазған [6, 263 б.]. «Тіпті өліп қалса да, жадта сақталғандар - әлі тірілер», - депті ғалым [6, 266 б.].

Бүгінгі таңда Қазақстанның алдында тұрған маңызды әрі өзекті мәселелердің бірі һәм бірегейі – қоғамда ауызбіршіліктің сақталуын қамтамасыз ету, халықты біртұтас ұлт етіп ұйыстыру, азаматтық қоғам құру, атап айтқанда билік пен халықтың, мемлекет пен қоғамның арасын жақындату, байланысын нығайту. Бұл туралы Қазақстан Президенті Қ.К. Тоқаев өзінің Қазақстан халқына тұңғыш Жолдауында «билік пен қоғамның бірлесіп келісімге келуі - басты міндет», сондай-ақ 2025 жылға дейін «азаматтық қоғамның даму тұжырымдамасын» дайындау керек», - деп қадап айтқан болатын [7]. Тіпті Жолдаудың «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі», - деп аталуының өзі бүгінгі таңда мемлекет пен қоғам арасындағы келісімнің, тепе-теңдіктің сақталуы қаншалықты маңызды екендігін көрсетеді.

Сондықтан да, Қазақстан халқының ұлт болып ұйысуы, қоғамның ынтымаққа жетуі күн тәртібінде тұрған аса өзекті мәселе болып табылады. Өйткені онсыз мемлекеттің өркендеуі мен гүлденуі мүмкін емес.

Көшпелі қазақ қауымында өте мықты болған, кеңес үкіметі кезеңінде үзіліп қалған билік пен халықты байланыстыратын тарихи жалғастықты қайыра жандандыруды ұлт зиялылары қолға алуы керек. Өкінішке қарай, қазақ зиялылары ұлтты ұлт етіп ұйыстыратын, билік пен халықты байланыстыратын күшке, «алтын көпірге» айналмай отыр, оның себебі ауызбіршіліктің болмауы. Бейнелеп айтсақ, мемлекет өзен тәрізді болса, оның екі жағасын, билік пен қоғамды жалғайтын һәм біріктіретін көпір жоқ. Көшпелі түрік-қазақ қауымында олай болған емес. «Орхон жазулары бойынша билеушінің даналығы мен қоғам мүшелерінің ынтымағы болмаса мемлекет ыдырайды, халық азып-тозып күйреуге ұшырайды... Тас жазбаларының авторы билік пен халықты біріктіруді кейінгі ұрпақтарға мықтап өсиет етеді, онсыз қоғамның гүлденуі мен игілігіне жету мүмкін емес» [8, 231 б.].

Сондай-ақ, қазіргі ХХІ ғасырда аса маңызды мәселе болып табылатын сөз бостандығы мен ой еркіндігі дамымай, әділетті мемлекет,

азаматтық қоғам құру мүмкін емес. Ежелгі түрік-қазақ дүниетанымы бойынша ата-бабаларымыз үшін ең басты құндылық ұлттық рух, Ел мен Жерді қорғау болса, сонымен бірге бостандық пен ой еркіндігінің орны әрқашан жоғары тұрды [4, 77 б.]. XV ғасырдың жыршысы, Қазақ хандығының негізін қалаған Керей мен Жаныбек сұлтандарды жақтаған ұлы ойшыл Асан Қайғының (Асан Сәбитұлы):

«Таза мінсіз асыл тас су түбінде жатады Таза мінсіз асыл сөз ой түбінде жатады», - деуі адамның ой санасы мен парасатының маңызын көрсетсе керек [9, 17 б.]. Көк түріктердің түсінігі бойынша «сөз» - құдіретті күшке ие болған киелі ұғым [10, 45 б.]. Мағжан Жұмабай үшін «ой еркіндігі - дүниетанымының басты қағидаларының бірі» [3, 321 б.].

Белгілі ғалым-философ Ә. Нысанбаевтың пікірі бойынша, «еркіндік адамның өз ойы мен ісі үшін жауапкершілікте екенін білдіреді... - және - адамның ақылы мен ойы неғұрлым терең болса, соғұрлым оның жауапкершілік сезімі де жоғары» [3, 321 б.]. Сондықтан да, билік адамның ой-пікірін тұншықтырмай, «жеке тұлғаның, яғни парасат иесінің ойына тұсау салмау, керісінше оның ықпалды күшке айналуына қамқорлық жасау...» керек, оған дем беріп, барынша қолдап бар мүмкіншіліктерді туғызуы тиіс, - бұл бостандыққа, әлеуметтік теңдікке ұмтылатын, адами құндылықтарды дәріптейтін мемлекеттің міндеті [3, 318 б.]. Өйткені жеке тұлғаның ойын қорлау, тұсау салып шектеу адамның өзіне зұлымдық жасағанмен бірдей, бұл - адамзатқа жасалған қылмыспен тең. Сондай-ақ, «өсеміз, өркениетті ел боламыз десек кейінгі ұрпақтың еркін диалектикалық ойлау қабілетін қалыптастыруға мұрсат бергеніміз жөн, - өйткені - тек еркін ойлай алатын тұлғалар ғана мәселелерді шешуге қабілетті болады» [3, 321 б.].

Қазақстан қоғамы үшін, мемлекет үшін саяси жаңғырудың кепілі мен тетігі рухани жаңғыру, рухани жаңару болып табылады. Бүгінгі қоғамда тамырын кең жайып үлгерген, адамның санасын жаулап алған, қатерлі дертке айналған жаппай жемқорлық әсіресе психологиялық санасы толық қалыптаспаған жастар үшін қауіпті, өйткені бұл індетке ем табу қиын, және ол ата-бабаларымызда, жалпы көшпелілерде ешқашан болмаған, ұлттық болмысымызға жат нәрсе.

Көне түрік Орхон-Енесай жазбалары бойынша ежелгі түрік-қазақ тайпаларының өмірлік қағидалары «өлімнен ұят күшті» деген ұстанымға негізделген болатын, яғни «... өмірдегі пенделік рухани адасушылықтың бастауы адамның ұятсыздығынан, яғни екіжүзділігінен басталатынын... бабаларымыз айқын білген» [11, 40 б.]. Өйткені «түркілер құдайға емес, иманға (*моральға*) жығылған халық» [12, 218 б.].

Сондай-ақ, бүгінде жаһанданудың аранында жұтылып кетпес үшін білім мен ғылымға басымдық беру, дінге, иманға жығылу керек, өйткені ата-бабаларымыз үшін адами, рухани құндылықтар бірінші орында тұрды. «Қазақ шешендерінің қалдырған мұраларына зер салсақ адамның

шынайы мәні оның руханилығында екендігі айқын көрінеді» [13, 407 б.]. Сонымен бірге, «адам затының жер бетіндегі тіршілік дүниесіндегі шынайы жолы тек руханилықпен байланысты болып танылған» [13, 407-408 б.]. Қазақтың ғұлама ғалымы «Ш. Уәлиханов қазақ қауымында рухани болмыстың басқа этностарға қарағанда әлдеқайда жоғары тұратындығын...» айтқан еді [13, 407 б.]. Ұлы ақынымыз М. Жұмабай үшін «... руханилыққа басымдық беру дәстүрі...» маңызды [14, 295-296 б.]. Бүгінгі таңда халық өзіне тиесілі жер қойнауындағы байлықтан шеттетілген, сондай-ақ билік мемлекетті өз меншігіне айналдырып алғандай әсер қалдырады, оның себебі жоғарыда атап айтқанымыздай биліктің халықтан алыстап ажырап қалуында. Ал түрік-қазақтың «ұғымында «мемлекет» - билеушінің жеке меншігі сияқты емес, Тәңір тарабынан берілген құт ретінде көрініс тапқан» [2, 372 б.]. «Билікті Тәңірі киелі етеді, ал қаған - елді - басқару арқылы өмірдегі ізгілік пен әділдікті жүргізеді, яғни түркілік ойдың билеуші әділ әрі білікті болуы тиіс деген басымдылығы айқын көрініс табады» [15, 64 б.]. Ел билеушісі (*қазан*) Тәңірдің елшісі саналды және «ұлы Тәңірдің елі де... жері де киелі әрі қуатты деп танылған» [4, 76, 80 б.].

Түркиялық тарихшы-ғалым Ахмет Ташағылдың айтуына қарағанда «түрік қағандары шексіз билікке ие болмаған, билікті қалауынша пайдаланбаған, халықты қанамаған. Тәңірден құт алған олардың ұлт пен халық алдында міндеттері болған...» [2]. Сондай-ақ, Тәңірі «... жолдан шыққан ұлысты... жазалау үшін парасатсыз басшы жіберген болып саналады. Ал Әл-Фараби бабамыз қоғамның парасатсыз болуы - оның басшысының надандығынан деп біледі» [4, 82 б.]. Ұлы бабамыз Асан Қайғы «... сөздерінің негізгі арқауы - ханды әділетті болуға шақыру, өзімшілдіктен сақтандыру, қиянатқа жол бергізбеу...» [16, 105 б.].

Бүгінде саяси жүйені жаңғыртудың негізі болып табылатын біртұтас ұлт қалыптастыру үшін Қазақстан азаматтарында, әсіресе жастарда Отанға деген сүйіспеншілікті, отаншылдық сананы қалыптастыру аса маңызды. Әйгілі түрік ойшылы, ағартушы Зия Гөкалптың пікірі бойынша «ұлттық ынтымақты күшейту үшін бәрінен бұрын отансүйгіштік моралін (*патриотизм*) күшейту қажет» [2, 82 б.]. Ежелгі түрік-қазақ тайпаларында «отансүйгіштік моралі өте күшті болған. Ешқандай түрік өз елі, яғни ұлты үшін өмірін... пидә етуден тартынбайтын. Өйткені ел Көктәңірінің жер бетіндегі көлеңкесі болатын» [2, 273 б.]. Түріктердің ортағасырлық ғалымы М. Қашқари «замандастарын еңбекті сүйеге... Отанды сүйеге, адал, шыншыл, тұрақты болуға шақырады» [17, 185 б.]. Жастарды отаншылдыққа, отансүйгіштікке тәрбиелеу үшін кешегі ата-бабаларымыздың өсиетерін үлгі тұтып, ой-санасына сіңіріп тәрбиелеудің маңызы зор. Ұлы түрік ойшылы Йолығ тегін ескертіп кеткендей ұлттық дәстүрден, тілі мен ділінен, бабалар өсиет еткен жолдан ажырамаған ұрпаққа өзге

мәдениеттің шексіз ықпалында қалудың қауіпі аз [8, 214, 231 б.].

Мақала соңында айтарымыз саяси жаңғыру тарихи сананы жаңғырудан басталады. Ол үшін халық ұлт зиялыларының ұйтқы болуымен билікке қол жеткізу керек! Қазақ-түрік қоғамында билік «қағанда емес, елде екенін аңғартады» [2, 274 б.]. «Өйткені қағанды сайлайтын да, тағынан түсіретін де

Құрылтай болатын» (*ру басыларынан құралған «той» атты кеңес – Қ.Ж.Н.*) [2, 274 б.]. Сондай-ақ, «ел адамдары тең құқықты болатын» [2, 274 б.].

Қазақстан дамыған, өркениетті елге айналуы үшін мемлекет тарихи жалғастықты үзбей, Көк түрік бабаларымыз, қазақ хандары мен билері, кешегі Алаш қайраткерлері біздерге мирас етіп қалдырған ұлттық саяси құндылықтарды қайыра жаңғыртып ұлттық бірлікті қамтамасыз етуі тиіс, ал сол бірлікке жетудің негізгі шарттары біздің пікірімізше - ол қазақстандықтардың Еліне-Жеріне, Отанына, мемлекеттік тілге деген сүйіспеншілігін қалыптастыру, Қазақстанда тұрып жатқан әралуан этностарды мемлекеттік қазақ тілі біріктіреді деген қағида болып табылады [18, 62-63 б.]. Басқаша айтсақ, Қазақстанда ұлттық дәстүрге негізделген саяси жүйе қалыптасуы керек. Ол үшін ең алдымен, билік халықтың пікірімен санаса отырып, ұлттың ұлт болып ұйысуына, қоғамның ынтымаққа жетуіне, ұлттық бірегейлікті қалыптастыру үшін жағдай жасауы тиіс. Өйткені ата-бабаларының өсиетін орындайтын халық қана шынайы бақытқа жетеді [15, 60 б.].

Пайдаланылған әдебиеттер

1 Мұстафа, Ш. Таңдамалы: 3 т. / М. Мұстафа. – А.: «Қайнар», 1998. – 1 Т. – 59 б.

2 Тарих адамзат ақыл-ойының қазынасы: 10 т. Түркі халықтарының тарихи ойы – Астана: «Фолиант», 2006. – Т.10.

3 Нысанбаев, Ә. Қазақстанның философиялық мұрасы және оның маңызы // Әлемдік философиялық мұра: 20 т. Қазіргі түркі философиясы. – А.: «Жазушы», 2009. – 20 Т. – 315 б.

4 Кенжетай, Д. Дәстүрлі түркілік дүниетаным және оның мәні // Қазақ халқының философиялық мұрасы: 20 т. Ежелгі көшпелілер дүниетанымы. – Астана: «Аударма», 2005. – 1 Т. – 96 б.

5 Қозыбаев М.Қ. Ақтандақтар ақиқаты: оқу құралы / М.Қ. Қозыбаев. – А.: «Қазақ университеті», 1992. – 203 б.

6 Гумилев Л. Этногенез и биосфера Земли / Л. Гумилев. – М.: «Айрис Пресс», 2004. – 263 б.

7 «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан президентінің Қазақстан халқына жолдауы // ҚР президентінің ресми сайты.

8 Қасымжанов, А. Дала кеңістігі // Әлемдік философиялық мұра:

Қазіргі түркі философиясы: 20 том. – А.: «Жазушы», 2009. – 20 Т. – 231 б.

9 Қазақ хандығы дәуіріндегі ақын-жыраулардың дүниені көркем түсіну айшықтары // Қазақ халқының философиялық мұрасы: 20 том. Қазақ ақын-жырауларының философиясы. – Астана: «Аударма», 2008. – 8 Т. – 17 б.

10 Әбжанов, Т., Қазақ халқы ойлау мәдениетінің мифологиялық бастаулары // Қазақ халқының философиялық мұрасы: 20 т. Ежелгі көшпелілер дүниетанымы / Т.Әбжанов, Ә. Нысанбаев. – Астана: «Аударма», 2005. – 1 Т. – 45 б.

11 Молдабеков, Ж. Халық ділмарлығы // Қазақ халқының философиялық мұрасы: 20 т. Орта ғасырдағы түркі ойшылдары. – Астана: «Аударма», 2005. – 5 Т. – 40 б.

12 Молдабеков, Ж. Қазақтың би-шешендері // Қазақ халқының философиялық мұрасы: 20 т. Орта ғасырдағы түркі ойшылдары. – Астана: «Аударма», 2005. – 5 Т. – 218 б.

13 Раев, Д. Билердің бірлік идеясы және битану // Қазақ халқының философиялық мұрасы: 20 т. Қазақ би-шешендерінің дүниетанымы және философиясы / Д. Раев, Ж. Молдабеков. – Астана: «Аударма», 2007. – 9 Т. – 407 б.

14 Нысанбаев, Ә. Мағжан дүниетанымы туралы сөз // Қазақ халқының философиялық мұрасы: 20 т. XX ғ. басындағы қазақ философиясы. – Астана: «Аударма», 2008. – 20 Т. – 295-296 б.

15 Нысанбаев, Ә. Түркі фәлсафасы жайында // Әлемдік философиялық мұра: 20 т. Қазіргі түркі философиясы / Ә. Нысанбаев, Н. Аюпов. – А.: «Жазушы», 2009. – 20 Т. – 64 б.

16 Әлжан, Қ. Ақын-жыраулар шығармашылығындағы философиялық-дүниетанымдық пайымдаулар // Қазақ халқының философиялық мұрасы: 20 т. Қазақ ақын-жырауларының философиясы / Қ. Әлжан, Ж. Молдабеков. – Астана: «Аударма», 2008. – 8 Т. – 105 б.

17 Нарынбаев, А. Махмұд Қашғари шығармашылығындағы түркі халықтары көзқарасының бейнеленуі // Әлемдік философиялық мұра: 20 т. Қазіргі түркі философиясы / А. Нарынбаев. – А.: «Жазушы», 2009. – 20 Т. – 185 б.

18 Гумилев Л. Древние тюрки / Л. Гумилев. – М.: Т-во «Клышников-Комаров и К», 1993. – 62-63 б.